

**Оқушылардың республикалық олимпиадасына іріктеу (аудандық кезең)**

II тур  
8 - сынып  
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

*Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.*

**Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:**

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай - сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғары ұпай – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушы 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	От басар орны отаудай, Қабырғасы халық орнаған жонсаудай, Ор қояндай қабақты, Қиған қамыс құлақты,...Үзінді кімнің толғауынан алынған. Толғау не туралы екені жайында ой қозғау.
2.	Қазақ әдебиеті	а) Сюжет ә) Аңыз бен әпсана туралы түсінік
3.	Қазақ тілі	а) Орфографиялық норма. ә) Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері. Мысал келтір
4.	Қазақ тілі	а) Стыльдің түрлері. ә) Сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану.
5.	Тіл мәдениеті	Дәлелмен сөйле. Нені құндылыққа жатқызасың?

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут